

сексуальная адаптированность, род занятий (прежний и настоящий), репутация в доме и на работе, история болезни (физические и психические особенности), личностные привычки (употребление алкоголя, наркотиков), социальные привычки, увлечения, пристрастия, друзья и враги, полицейское досье.

5. Информация о полной картине преступления и реконструкция механизма содеянного (сведения о месте, времени и дате события, показания свидетелей, род оружия, которым было совершено преступление, и т.д.). С помощью характеристики жертвы, анализа места преступления, характера ран и повреждений на теле жертвы можно реконструировать предположительно последовательность событий преступления. Это часто помогает выяснению, почему преступник выбрал тот или иной способ действий. Реконструкция механизма содеянного позволяет диагностировать психологическое состояние преступника в момент совершения преступления, составить представление об уровнях природной интеллигентности и образованности преступника. Особый интерес представляет поведение преступника в так называемой ситуации после убийства (спрятал ли тело жертвы, уничтожил ли другие вещественные доказательства или в панике покинул место преступления, оставив разнообразнейшие следы и т.д.) [2, 675]

Наличие сведений, о которых говорилось выше, позволяет ответить на вопросы: ЧТО произошло на месте преступления и почему это произошло? Основная предпосылка, на которой базируется метод психологического профиля, состоит в том, что ответ на первые два вопроса подводит к ответу на третий — кто мог совершить такое преступление, то есть к составлению психологического профиля, отражающего существенные для характеристики личности и поведения убийцы признаки. Этот профиль описывает совершившего преступление так, как будто речь идет о хорошо известном, знакомом человеке. Однако профиль не «называет» конкретных имен. Содержащиеся в нем сведения одинаково применимы к большому количеству людей определенной категории.

#### Список литературы:

1. Мионов Д. Психология на вооружении ФБР США // Мир безопасности, июль. — М., 1998. - С. 42.
2. Дж. Дуглас, Мюррей С. Майрон. 2006 „The motivation behind serial sexual homicide: is it sex, power, and control, or anger?“ Journal of Forensic Sciences 51, P. 900–907.
3. Леонтьев А.Н., Панов Ю.Д. Психология человека и технический прогресс// Философские вопросы физиологии высшей нервной деятельности в психологии. Философия и психология. — 1963 – № 2 – с. 75.

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ҚИСЫНДЫ МЕРЗІМДЕ ӨТУ ҚАҒИДАСЫ**

*Жұмабаева Ж.Ж., з.ғ.м., қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы*

*Түсіпов Н.М., з.ғ.м., қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы*

*Серікқызы Н., заң факультетінің 1-курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

ҚР ҚПК 9 бабының ережелеріне сай, қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Адам және азаматты қылмыстық әрекеттерден қорғап, олардың құқықтарын қалыпқа келтіру үшін қылмыстық сот өндірісі тиімді және қисынды мерзімдерде өтуі тиіс. Қылмыстық іс бойынша өндірістің ұзақ мерзімде өтуі қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқтырады [1,96].

Қылмыстық сот өндірісі саласында іс бойынша өндірісті негізсіз созу мәселесіне қарсы әрекеттер отандық құқықтық жүйеде бұрыннан жүргізіліп келеді. Қылмыстық істерді тез және толық ашу, қылмысты жасаған адамды әшкерелеп оны жазаға тарту мәселесі көбіне ұлттық заңнамада жариялылық және жеке мүдделер арақатынасына бағынышты болып келеді. Егер мемлекетте

жариялы мүдделерді қорғау басшылыққа алынса, қылмыстық сот өндірісін жеделдету сот билігі және қылмыстық ізге түсу органдарының мәртебесіне оң әсерін тигізу үшін жасалса, жеке мүдделерге бағыт алған жағдайда, өндірісті жеделдету жеке тұлғалардың құқықтарының мейлінше тез қорғалуы көзделеді [2, 143].

Яғни, қылмыстық сот өндірісінің тез арада басталып, қажетті әрекеттер өткізіп, ол бойынша заңды және негізді шешім шығару талабы, уақыт өте келе «қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту» қағидасына айналды [3, 148].

Қылмыстық сот өндірісінің «қисынды мерзімдерде» өтуі дегеніміз, ол қылмыстық іс жүргізушілік заңнамаға қайшы келмейтін, қисынды негізделген, істің мән жайы мен ауырлығына байланысты және қылмыстық сот өндірісінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, қатысушылардың құқықтарын бұзылуына жолбермейтін нақты қылмыстық іс бойынша анықталатын мерзім [4, 47].

Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту қағидасының мазмұнына, ендігі элементтер енеді:

- қылмыстық іс бойынша қылмыстық сот өндірісі қисынды мерзімде өтуі;
- қисынды мерзім қылмыстық іс бойынша өндірістің басталу сәтімен анықталып, іс бойынша қорытынды іс жүргізушілік шешімнің күшіне ену сәтімен аяқталады;
- нақты қылмыстық іс бойынша өндіріс қылмыстың ауырлығы, күрделілігіне байланысты анықталады;
- алдын ала тергеу, анықтау органдарының қызметінің ұйымдастырылу кемшіліктері қисынды мерзімді анықтауға еш ықпал етпейді [5, 85].

XV-XVI ғасырлардағы қылмыстық сот өндірісінің мерзімдеріне қатаң талап қою мемлекеттің қаржылық және мерзімдік шығындарын азайтуға бағытталған. Қылмыстық сот өндірісіне қатысушы тұлғалардың құқықтарының сақталуына қосымша мән берілген, мәселен, іс бойынша өндірісті кейінге қалдыру, тараптар арасында белгілі бір қаржы төлегеннен кейін ғана мүмкін болған. Сонымен қатар, тараптардың біреуі сотқа келмей қалған жағдайда оны кінәлі деп тану тәжірибесі де болған. XVII ғасырдың ортасында осы сұрақ бойынша қаржы төлеу тәжірибесі қысқартылған. Бізге жақын РФ алатын болсақ, онда 1960 жылы КСРО КЖК қабылдау сәтінен, қылмысты тез және толық ашу қылмыстық сот өндірісінің бір міндетіне айналды [6, 81].

Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту талабы, Қазақстан Республикасымен құпталған халықаралық құқықтық актілерде де бекітілген. Атап айтсақ, 1950 жылғы «Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы» Конвенцияның 6 бабында «Қылмыс жасады деп айып тағылған тұлға әділ, жариялы және қисынды мерзімде өтетін қылмыстық сот өндірісіне құқылы».

Осыған ұқсас ереже 1966 жылғы «Азаматтық және саяси құқықтар халықаралық Пакт» нормаларында бекітілген, оның 14 бабы ережелеріне сай, қылмыс жасады деп айып тағылған адам мерзімдерді негізсіз созусыз, толық теңділік негізінде сотталуға құқылы [7, 178].

Біздің ойымызша, қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өтуді қылмыстық іс жүргізу қағидасы деп тануға толық негіз бар. Себебі, 2014 жылдың 4 шілдесінде қабылданған ҚР ҚПК ережелерін саралар көрсек, онда бірнеше институтты реттейтін норма ретінде «қисынды мерзім» категориясы қолданылып, отандық қылмыстық сот өндірісіне елеулі өзгерістер әкеліп, зор ықпал етті. Мәселен, ҚР ҚПК 192-бабына сай, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі ендігі ережелермен реттеледі: Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істің күрделілігі, тергеу әрекеттерінің көлемі және істің мән-жайларын зерттеудің жеткіліктілігі ескеріле отырып, *қисынды мерзімде*, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінен аспайтын мерзімде аяқталуға тиіс.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің *қисынды мерзімін* айқындаған кезде қылмыстық істің құқықтық және нақты күрделілігі, сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысушылардың процестік құқықтарды іске асыруы, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз өкілеттіктерін сотқа дейінгі іс жүргізуді уақтылы жүзеге асыру мақсатында іске асыру тәсілі сияқты мән-жайлар ескеріледі [8, 141].

Сол баптың 4 бөлігінде, белгіленген сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін тергеушінің, анықтау органы бастығының уәжді өтінішхаты бойынша: істің күрделілігіне байланысты аудандық және оған теңестірілген прокурор – *қисынды*, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге; істің ерекше күрделілігіне байланысты немесе қылмыстық істің материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет мемлекетке жіберу туралы мәселені шешу кезінде – облыс прокуроры мен

оған теңестірілген прокурор және олардың орынбасарлары *қисынды*, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Сол баптың 5 бөлімінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін одан әрі ұзартуға айрықша жағдайларда ғана жол беріледі және оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары *қисынды*, бірақ осы баптың бірінші бөлігінде белгіленгеннен аспайтын мерзімге жүзеге асыра алады деп белгіленген.

ҚР ҚПК 203-бабында да, күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау сұрақтарына қатысты «қисынды мерзім» категориясы пайдаланылған. Ол баптың бірінші бөлігіне сай, адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болған кезде прокурор, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады. Іс-әрекетті саралау туралы қаулы *қисынды* мерзімде шығарылуға тиіс [9, 96].

Сондай ақ, ҚР ҚПК басты сот талқылауын тағайындау сұрақтарына арналған 322-бап ережелеріне сай, басты сот талқылауы *қисынды* мерзімде аяқталуға тиіс. Қысқартылған іс жүргізу кезінде басты сот талқылауы ҚР ҚПК 382-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде аяқталуға тиіс

ҚР ҚПК 348-бабындағы басты сот талқылауының хаттамасына ескертулер мәселен реттеу сұрақтары бойынша да «қисынды мерзім» пайдаланылған. Аталған бап ережелеріне сай, басты сот талқылауының хаттамасына қағаз жеткізгіште қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде тараптар, сондай-ақ ҚР ҚПК 347-бабының жетінші бөлігінде көрсетілген өзге адамдар сот отырысының хаттамасымен танысуға, хаттамаға жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында ескертулер беруге құқылы. Сот отырысы хаттамасының көлемі үлкен болған жағдайда, төрағалық етуші тараптардың өтінішхаты бойынша олардың танысуы және ескертулер беруі үшін неғұрлым ұзақ, *қисынды* мерзім белгілейді.

ҚР ҚПК тағы бір қисынды мерзім түсінігін пайдалануы 615-баппен реттелген кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процесік келісім жасасу туралы өтінішхатты қарау тәртібінде байқалады: жәбірленуші келіспеген кезде процесік келісім жасалмайды. Егер жәбірленуші келіскен болса, онда оның қылмыспен келтірілген зиянды өтеу мәселесі жөніндегі пікірін ескере отырып, прокурор және қорғаушы тарап *қисынды* мерзімде процесік келісім жасасады, ол жазбаша түрде жазылып, оған келісімге қатысушылар қол қояды.

Жоғарыдағыға сүйене отырып, біз ендігі тұжырымдарға келе аламыз:

Қылмыстық сот өндірісінің «қисынды мерзім» түсінігі қылмыстық іс жүргізушілік, сондай ақ қылмыстық сот өндірісінің ұйымдастырылуына және аз мерзімде өтуіне ықпал етіп іске қатысушы тұлғалардың құқықтарына зор оң ықпал ететін институт деп танымыз, сондықтан ол қағида деп танылып, қылмыстық сот өндірісінің ұйымдастырушылық негізіне енуі тиіс.

Қылмыстық сот өндірісінің «қисынды мерзім» түсінігі жүйелік сипатқа ие болып, қылмыстық сот өндірісінің қағидаларымен тығыз байланыста әрекет етеді. Мысалы, бір текті ауырлықта және күрделілігі тең қылмыстар бойынша сотқа дейінгі өндіріс мерзімдері және істі сотта қарау мерзімдері арасында айырмашылық болатын болса, онда ұзақ мерзімде өткен өндіріс қатысушыларының құқықтарының бұзылғандығы жайлы тұжырым жасауға болады.

Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту ережесі ібр күнде пайда болған құбылыс емес, оған ұзақ жылдар бойғы тәжірибе және ғылыми жұмыстар өз септігін тигізіп, заңнаманы жетілдіру мақсатында ұлттың ҚР ҚПК енгізілді.

Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту талабы ең алдымен қылмыстық сот өндірісін жүзеге асыратын органдарға арналғанымен, оған іске қатысушы басқа да субъекттер атсалыспаса да, бөгет жасамауы тиіс. Егер істі қисынды мерзімде өтуіне бөгет жасалу жағдайы анықталған болса, оған жол берген тұлғалар тиісті жауапқа тартылуы тиіс.

Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өту қағидасы бір жағынан іс бойынша өндірісті мейлінше тез өтуін талап етеді, екінші жағынан, мерзімдерді жеделдету іс бойынша өндірістің сапасына кері ықпалын тигізбеуі тиіс және іс бойынша қылмыстық сот өндірісінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді жоққа шығармауы керек.

Жоғарыдағыға сүйене отырып, ҚР ҚПК-не келесідей толықтыру енгізу ұсынылады: ҚР ҚПК екінші тарауында, «Қылмыстық сот өндірісінің қисынды мерзімде өтуі құқығы» деп аталатын дербес бапты енгізу ұсынылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч. Записки о судебной реформе. - Алматы: «ВШП Адилет», 1999. - 295 с.
2. Бойков А., Карпец И. Курс советского уголовного процесса. - М.: Юрид. лит, 1989. - 560 с.
3. Төлеубекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2000. - 410 с.
4. Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий обеспечения кагίδαов уголовного судопроизводства. - Алматы, 2001. - 168 с.
5. Урбан В.В. Реализация кагίδαа разумного срока уголовного судопроизводства: автореферат дисс... кандидата юридических наук. – М., 2013. - 125 с.
6. Перлов И.Д. Уголовное судопроизводство в СССР. - М.: «Госюриздат», 1959. - 102 с.
7. Когамов М.Ч. Комментарий к уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. - 278 с.
8. Волынец К.В. Некоторые проблемы в правовом регулировании кагίδαа «Разумный срок уголовного судопроизводства» // Вестник Удмуртского университета. Сер. Экономика и право. - 2013. - №1. – С.138-145.
9. Шарипов Ш.М. Судьяның тәуелсіздігі - сот билігінің демократиялық кагίδαасы. –Алматы, 2001. - 128 б.

#### **БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН, ҚАМАҚТАН НЕМЕСЕ КҮЗЕТТЕН ҚАШУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

*Машабаев А.Ж., з.ғ.к., доцент, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі  
Қабдыкәрім Ж.Х., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі осы қылмыстық қол сұғушылық арқылы бұзылатын заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар болып табылады. Барлық жасалатын кез келген қылмыс тікелей немесе жанама қоғамдық қатынастарға қол сұғады.

Әр қылмыстық құқық бұзушылық кез келген емес, қылмыстық заңмен қорғалатын нақты қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді. Осы қатынастардың маңыздылығы, қылмыстық құқықбұзушылық келтірілетін зиянның сипаты осы қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін, оның әлеуметтік мәнін анықтайды. Объектіні дұрыс анықтау қылмыстық іс-әрекеттің, жасалған қылмыс үшін жауапкершіліктің нысандары мен шектерінің әлеуметтік және құқықтық табиғатын ұтынуға септігін тигізді. Осыған байланысты Б. С. Никифоров былай деп атап көрсеткен: «бірқатар, тіпті көп жағдайларда қылмыстың объектісі жөнінде мәселені қате шешу жасалған қылмысты қате саралаудың қайнар көзі болып табылады»[1, 76].

Заң әдебиеті көздерінде қылмыстың объектісін анықтау жөнінде бірқатар пікірталастар бар. Айталық, белгілі ғалым Е.І. Қайыржанов қоғамдық қатынастар ұғымын қоғамдық мүдде ұғымымен ауыстыруды жөн көреді, ал профессор А. В. Наумов қылмыстың объектісі деп қылмыстық әрекет қандай жасайтын және қылмыстық заң қорғайтын игіліктерді есептейді. Әйтсе де, мүдделер мен игіліктер қоғамдық қатынастардың мазмұнын құрайтын элементтер қатарына жататынын және сол қоғамдық қатынастар бірнеше элементтерден тұратын күрделі құрылым екенін ескеру қажет [2, 89].

Жалпы объект ұғымының қызметі тек тектес және тікелей объектілер ретінде болатын қоғамдық қатынастарды біртұтас жүйеге біріктіруде ғана емес, сондай-ақ бұл ұғым олардың негізгі қасиетін: қоғамның осы даму сатысында оның маңызды қатынастарының қатарына жатқызылуын білдіреді.

Жалпы объектіден айырмашылығы - басты түрде қылмыстық заңнаманы жүйелеу және қылмыстарды жіктеу міндеттерін атқаратын тектес объект, қоғамдық өмірдің қандай да бір саласында болатын біртектес, бір-бірімен өзара байланысқан қоғамдық қатынастар немесе олардың топтарын құрайды.

Дәл осы қасиеті әрекет етіп тұрған әрекет ҚК Ерекше бөлімін құру кезінде негізге алынды, бұл заң шығарушыға ҚК бір тарауының шегінде сот төрелігіне және жаза орындау тәртібіне қарсы қылмыстар туралы нормаларды дұрыс біріктіруге мүмкіндік берді. Айталық, ҚР ҚК 426-бабы бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашқаны үшін жауаптылық